

**«Сәулет» мектеп-лицейі КММ-де 2021 жылдың IV тоқсаны бойынша
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмысының
талдамалық**

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 1,5 тармақтарына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Тасқала аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №202 бұйрығы негізінде «Сәулет» мектеп-лицейі КММ-де бұйрық шығарылып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасалғандығы туралы фактілер тіркелген жоқ.

Басқарманың қызметіне қатысты әрекет етуші нормативтік құқықтық актілер қызмет барысында қолданылады.

2) Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Сәулет» мектеп-лицейінде штат саны – 121 бірлік, оның ішінде нақты саны – 120 бірлік, бос орындар саны – 1 бірлік.

2021 жылдың қазан-қараша айларында мамандар ауысымы 11 адамды құрады. Атап айтқанда:

1 адам – ауысу тәртібімен Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББ мектебінен ауысып келді.

7 адам – ҚР БҚО Тасқала ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ жұмысқа орналасуға берілген жолдамасы негізінде қабылданды.

3 адам – өз қалаулары бойынша қызметтен шығарылды.

2 адам – декреттік демалысқа жіберілді.

Жыл сайынғы еңбек демалысына жіберілген адам жоқ. Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Азаматтық қызметшілерден шағым түскен жоқ.

Басқарма келесідей мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

1. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»
2. Балаларды жалпы білім беретін оқу орындары арасында ауыстыру үшін құжаттар қабылдау
3. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқыту»
4. «Тұрмысы төмен отбасындағы балаларға қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуын ұсыну»
5. «Негізгі, орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау»

2021 жылдың IV тоқсанындағы жағдай бойынша Мекеме жалпы саны – 1 мемлекеттік қызмет көрсетті, көрсетілген мемлекеттік қызметке арызданған адам болмады.

Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ.

3) Талдау тұрғысынан туындайтын өзге де мәселелерді анықтау бойынша мектепшілік құрылған жоспарға сәйкес шаралардың атқарылуы:

Мектеп оқушыларының арасында құндылыққа негізделген білім беруді жүзеге асыруды көздеген, оқушы бойында жомарт болу, кеңпейілділік секілді қасиеттерді баулуға арналған айлық ұйымдастырылды.

Мектеп директоры А.Бисалиева ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес мүшелерімен кездесіп, 2021 жылғы бюджеттің жұмсалуды туралы ақпарат берілген.

**«Сәулет» мектеп-лицейінің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі уәкілі**

А.Дакишева